

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 295 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне өзгеріс енгізу туралы

"Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 78, 1016-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған өкіммен бекітілген "Мерейлі отбасы" ұлттық конкурсының лауреаты атағын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Конкурстың ұйымдастырушылары Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның (бұдан әрі – Ұлттық комиссия), сондай-ақ Астана, Алматы қалалары және облыстар әкімдерінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялардың (бұдан әрі – өңірлік комиссиялар) қолдауымен Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі болып табылады".

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Н.Назарбаев

Астана, Ақорда, 2017 жылғы
№

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК